

НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ СТАТЬИ

С.К. Есетова, Р.Е. Умербаева, А.М. Каратаева

ЗАҢ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ «PowerPoint» КӨРІНІСІН ЖАСАУ МЕН ПАЙДАЛАНУ

Адамның тіршілігі күннен күнге дамып келеді, сол себептен де білім беру мәселесі заманға сай және әрдайым алдыңғы қатарда болуы тиіс. Заманауи оқытушы білімді дамытудағы жалпы үрдістер мен тенденциялардан алыс болмауы тиіс. Білім берудегі компетенцияның рөлі күшейіп келеді. Ал компетенцияның дамуы жоғары кәсіби білім берудің басты мақсатына, әлеуметтік тәжірибе мен тұлға тәжірибесінің құрылымдық көріністеріне, сонымен қатар бітіруші қызметінің оған әлеуметтік тәжірибені игеруге, қазіргі кездегі тіршіліктің және қоғамдағы тәжірибелік қызметтен дағды алуға ықпал ететін негізгі түрлеріне негізделеді. Ол үшін біз студенттермен жұмыс жасаудың жаңа түрін меңгеруіміз қажет. Білім беру компетенцияларына үйрету мен дамыту үшін жұмыстың жаңа түрі – презентация көмектеседі.

Біріншіден, презентация бұл жаңа бір затты көрсету болып табылады. Ол бір жүйеде ұйымдасқан компьютерлік анимациялардың, суреттердің, бейне, музыка мен дыбыс шығарудың үйлесімдігін көрсетеді. Презентация ақпаратты тиімді түрде қабылдау үшін ұйымдастырылған көріністен, сценарий мен структурадан тұрады.

Екіншіден, презентация – бұл жоғары оқу орындарында дәріс және семинар сабақтарында қолданылатын жұмыстың жаңа түрі. Презентациялар студенттерден пәнге қызығушылықты тудыртады және ой белсенділігін дамытады. Студент тек ақпаратты қабылдап қана қоймай, ол сонымен қатар экранда көріп тұрғанын есте сақтап қалады.

Үшіншіден, презентация оқытушыға сабақтар, іс-шаралар өткізу барысында, жобаларды, зерттеулерді қорғауға жәрдемдеседі. Ол арқылы әр түрлі кейпкерлер туралы, мемлекет пен құқықтың ескерткіштері жайлы көрсетуге және айтып беруге болады. Мысалы, рим құқығы бойынша, қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша «12 кесте заңдарын», қазақтың салт-дәстүрлері мен әдетін, атақты басқарушылар мен билердің кейіптерін көрсетуге болады. Презентациялар шындықты нақты және тура қабылдау сезімін тудырады.

«PowerPoint» бағдарламасы, әркімнің күнделікті қолданып жүрген «Microsoft Word» мәтіндік құжаттарды жасау бағдарламасы сияқты «Microsoft Office» бағдарламасының жиынтығына кіреді. Егер «Microsoft Word» мәтін жазуға арналған бағдарлама болса, PowerPoint бағдарламасы баяндамашының баяндамасына қосымша материал түрінде компьютер экранынан, жалпы экрандардан немесе интерактивті тақталардан көрсетуге болатын слайдтардан тұрады. Бұл оны пайдаланудың ең қарапайым түрі.

Презентацияларды әзірлеуде білім беру үрдісінде басты орынға ие болып табылатын оқытушыға біз келесідей оңтайлы тұстарды белгіледік. Презентацияны жасау барысында, оқытушы *біріншіден*, студенттің жастық ерекшеліктерін ескеруі қажет. Сол себептен де презентацияны әзірлеу кезінде қолданатын іс-құжаттарды іріктеп алуы қажет. Сондықтан негізгісін таңдауы үшін, әдебиеттердің кең ауқымын қарастырып шығу керек. Осыған сәйкес презентацияны әзірлеу барысында оқытушы білім алады және оны жүйелендіреді, білімін арттырады, өзін-өзі үйрету арқылы білімін кеңейтеді.

Екіншіден, көрсететін материалдар сабақтың тақырыбына сай жинақталуы тиіс. Осыған байланысты оқытушы көптеген материалдарды, олардың түсін, суреттердің сапасын қарап шығуы тиіс. Бұл қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда қабылдауға, шығармашылық белсенділікті көтермелеуге өз ықпалын тигізеді.

Үшіншіден, материал ғылыми бағыттағы материал болуы керек. Мұндай жағдайда оқытушы өзіне жаңа ілімдерді алуы да мүмкін. Оқытушы презентацияны жасау барысында оған өзіндік шығармашылық, дарындық қасиеттерін қолдануы керек және ол салыстыруды, талдауды, пайымдауды үйренуі қажет.

Бірақ презентацияны әзірлеу және пайдалану барысында ұмытпау қажет:

1) *Презентация* – бұл оқулық емес, конспектілік оқу құралы емес, *ол сабаққа қосымша көрсететін құрал болып табылады*, сол себептен де оқытушының сәлемдесуі мен қоштасуының

сөзін, мақсаты мен міндеттерін, тәртібін, сұрақтарын экранға шығару қажет емес. Сөзбен сөйлеп жеткізетін дүниені презентацияға енгізу артық болады.

2) *Презентация студенттің тәжірибелік қызметін ауыстырмауы керек.*

3) *Презентацияны қарап шығу белгілі бір физикалық ауыртпашылықты талап етеді*, әсіресе көзге ауыр тиеді. Экранға сабақ материалдарының барлығын шығарудың қажеті жоқ, тек оның жекелеген элементтерін ғана шығару керек. Сабақта презентациямен жұмыс істеу уақытының жалпы көлемі 25 минуттан аспауы тиіс.

4) *Презентация – бұл көңіл көтеретін ойын-сауық емес, бұл сабақ мазмұнын суретпен сипаттау*, сондықтан да көрсететін материалдарды ұқыптылықпен іріктеу керек. Кейбір оқытушылар Ғаламторда анимациялық суреттері бар сайттарды тауып алып, балаша қуанып, оларды презентацияның ішіне орналастырады. Ондай түрлі-түстілік және жылтылдау көз бен жүйке жүйесіне қосымша салмақ түсіретінін ұмытпаған жөн.

5) *Презентацияда қолданылатын барлық материалдардың суреттердің, графикалардың, дыбыспен әннің, бейне файлдарының авторлары бар*. Егер оқытушы оның авторы болмаса, презентацияның соңында оқулыққа не Ғаламтордың сайтына сілтеме жасауы қажет. Әрине, заң бойынша автордың аты-жөнін көрсете отырып, материалдарды тек соның ғана келісімімен пайдалану керек, бірақ автор әрқашанда белгілі бола бермейді, сондықтан да өзіне жауаптылық алмай, жүйеге орналастырған Ғаламтор сайттарының иелеріне жүктеген дұрыс. Оқытушының міндеті – пайдаланылған әдебиетке сілтеме беру.

6) *Әрине, өзіндік авторлық құқықтар туралы ұмытпаған жөн!* Өзіңіз жасаған презентацияңызға міндетті түрде аты-жөніңізді және бірінші бетте өзге де авторлық материалдарды жазу керек. Өз еңбегіңізді бағалаңыз!

Сонымен, сабаққа сапалы презентация жасауға мүмкіндік беретін, ережелер түріндегі қорытынды жасайық:

1. Сабаққа арналған слайдтарда мақсатын, міндетін, құрылғылар тізімін енгізудің қажеті жоқ.
2. Егер презентация аудиториямен көзбе-көз жұмыс істеу үшін арналған болса, онда слайдтарға тапсырманы орындау жөніндегі нұсқаулықты орналастырудың қажеті жоқ. Оқытушының өзі оны айтуына болады.
3. Презентацияға қарағанда көзге ауыртпашылық келмеуі керек және слайдтағы объектілермен жұмыс істеуге кедергі жасамауы тиіс.
4. Анимациялық материалдарды пайдалануға аса сақтықпен қарау қажет. Артық ештеңе болмауы керек. Анимацияны слайдтың бірінші беттегі объектілерге және бөлімнің атауына қолданудың қажеті жоқ.
5. Слайдтарға көп мәтін орналастырудың қажеті (6-8 сөзден аспағаны жөн), шрифті және суреттер аудиторияда кез келген жерден қарағанда жақсы көрсетілуі тиіс. Мәтіннің шрифті 28 кегельден төмен болмауы керек.
6. Слайдтарға арналған дайын шаблондарды аса сақтықпен пайдаланған жөн. Слайдта бөтен объектілер болмауы керек, егер олар мәтіннің бетін жауып қалса, мәтіннің немесе суреттің беті қараңғы болып қалуы мүмкін және ол слайдтардағы басқа объектілерге кедергі болуы ықтимал. Бір презентацияда рәсімдеудің әр түрлі шаблондарын пайдаланбаған жөн.
7. Сабақ мазмұнын суретпен сипаттау бір стильде, бір өлшемде және бір форматта болуы керек.
8. Кішкене графикалық файлдарды түрін өзгертетіндей дәрежеде үлкейтудің қажеті жоқ.
9. Слайдтардағы сөздерді ерекше етіп көрсету үшін оның астын сызудың қажеті жоқ, оның орнына белгілі бір түске бояп, өлшемін өзгерткен дұрыс.
10. Авторлық құқықтарды сақтау керек, презентацияда пайдаланылған әдебиеттерге жасалған сілтемені орналастыру қажет.
11. Бірінші слайдта өзінің аты-жөнін және өзге де тиісті мәліметтерді орналастыру қажет.

Сонымен, PowerPoint презентациясы оқытушы үшін үлкен мүмкіндіктер ашады, оны пайдалану қиын емес және оған арнайы дағдылар талап етілмейді, осының барлығын ескере келе ол сабақ мазмұнын суретпен сипаттауды, интерактивті ойындарды, тестілеуді және тіпті фильмдерді жасауға мүмкіндік береді. Студенттер бұл бағдарламада баяндамалар, виртуалды экскурсиялар жасай алады және оны жобаларды қорғау үшін қолдана алады. Бұл бағдарламаны білім беру жүйесінде қолданудың маңызы зор болып табылады.